



ТҰРПАТ- ҚАЗАЛЫ

№33
(2204)
Сәрсенбі
17 сәуір
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ОБЛЫС ӘКІМІ НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВТЫҢ ЖАЗУШЫ ӘЛМӘМБЕТ ӘЛІШЕВТІҢ ТУҒАНЫНА 85 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ КОНФЕРЕНЦИЯ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ЖОЛДАҒАН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Әлішевтер әулетіне!
Құрметті конференция қатысушылары!
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Құрметті журналисі, Қазалы ауданының құрметті азаматы Әлмәмбет Әлішұлы Әлішевтің рухына арналған ғылыми-танымдық конференция жұмысына сәттілік тілеймін!
Әлмәмбет Әлішұлы – қасиетті Сыр өңірінің өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты. Қиын жылдардағы қызметтің бар ыстығы мен суығына көніп, талай игі істің жанашыр бастамашысы бола білді.

Арал теңізінің тартылуына байланысты экологиялық жағдай туралы арнайы зерттеу жүргізіп, Қазалы ауданын Арал ауданымен бірге экологиялық апат аймағы деп жариялатуда ол кісінің еңбегі зор.
Ағамыз еліне әскери-патриоттық тәрбие беруде де ерен еңбектің үлгісін көрсетті. «Үрмәш Түктібаев», «Батыр болып тумайды», «Ат тұяғын тай басар», «Бәйтеректің бұтағы» атты төрт кітабы Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған.
Еліне елеулі еңбек еткен, туған өлкесінің түлеуіне, қарышты дамуына сүбелі үлес қосқан азаматтардың абыройын асырып, рухын тасыту өскелең ұрпақ үшін қасиетті

парыз. Бүгінгі ғылыми-танымдық конференция соның жарқын көрінісі.
Асыл азаматтың ұрпағы ағамыздың жарқын істері мен ізгі жолын жалғайды деп сенеміз. Себебі, бұл отбасының балалары бүгінгі күні мемлекет мүддесі жолында жауапты қызметтерде абыройлы еңбек етуде.
Ардақты азаматтың жаны жәннатта болсын, пейіште нұры шалқысын! Артында қалған ағайын-туыстарында тек амандық пен ырыс-несібе болсын!
Рухы пейіштің төрінде шалқысын!
**Құрметпен,
Қызылорда облысының әкімі
Нұрлыбек Нәлібаев**

ӘЛМӘМБЕТ ӘЛІШЕВТІҢ 85 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ТАНЫМДЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

Қазалы ауданында КСРО және Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Қазалы ауданының Құрметті азаматы Әлмәмбет Әлішевтің 85 жылдығына орай «Бәйтеректің бұтағы» атты ғылыми-танымдық конференция өтті.

Конференция Қазақстан Композиторлар Одағының басқарма мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Ы.Алтынсарин медалінің иегері, Қорқыт Ата атындағы Қазалы аудандық өнер мектебінің директоры, Ә.Әлішевтің ұлы Сәукен Әліштің Әкесі мен Анасына арнаған «Сары төбе» шығармасымен

ашылды.
Шығарманы Мырза атындағы халық аспаптар оркестрі нақышына келтіріп орындады.
Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында өткен конференцияда аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет қасиетті Қазалы жерінде дүниеге келген Әлмәмбет Әлішевтің

ҚР Журналистер Одағының облыстық филиалының директоры, облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов, Қоғам қайраткері, Қызылорда облысының құрметті азаматы Самұрат Имандосов, Әлмәмбет Әлішевтің қызы Бақыткүл Әлішева тағылымды шараға орай жүрек жарды лебіздерін жеткізді.

Әдеби-сазды кеште Әлмәмбет Әлішевтің ұрпақтарына ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Ерғешбаев, Мемлекет және қоғам қайраткері, Қызылорда облысының бұрынғы әкімі, Қызылорда облысының құрметті азаматы Болатбек Қуандықов, жазушы, Қазалы ауданының құрметті азаматы Амантай Шәріпов, Қызылорда облысы мәслихатының төрағасы Наурызбай Байқадамов, басқа да Сыр өңірінен шыққан белгілі азаматтардың құттықтаулары табысталды.

Айта кетейік, конференция басталмас бұрын аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет пен шараға қатысуға еліміздің әр түкпірінен келген қонақтар мәдениет орталығының фойесінде Әлмәмбет Әлішевтің өмір жолынан әзірленген көрмені тамашалады.

Конференция барысында аудан өнерпаздары жазушының шығармашылығынан үзінділерді көпшілікке ұсынып, жас ақындар жазушыға арнаған арнауларын оқыды.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**



ЕУРООДАҚ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ЕЛШІЛЕРІ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНА АТ БАСЫН БҰРДЫ



Қызылорда облысының әкімдігінің шақыртуымен келген Еуроодақ мемлекеттерінің елшілері Қазалы ауданына да ат басын бұрды. Делегация мүшелерін аудан басшысы Мейрамбек Шермағанбет арнайы күтіп алып, Қазалы жұртшылығының қонақжайлылығын көрсетті. Алдымен қазақтың ұлттық тағамдарынан ауыз тиіп, содан соң аудандық мәдениет үйінің өнерпаздарының көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтын әншашуларын тыңдады.

Айта кетейік, 19 мемлекеттен келген делегация мүшелерінің сапарының негізгі мақсаты-өңірдің инвестициялық жағдайымен танысып, инвестиция тарту мәселесін қарау.

Қазалы ақпарат

ЛУДОМАНИЯ – ҚОҒАМДЫ ЖАЙЛАҒАН ҚАУІПТІ ДЕРТ

Лудомания – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ресми түрде мойындаған құмар ойындарға патологиялықәуестігі бар адамдардың дерті. «Лудомания» термині елімізде казино мен букмекерлік компаниялар жұмысы қарқынды дамыған кезден бері кеңінен қолданыла бастады. Аталған дертке ұшыраған адамның бойында әлеуметтік, кәсіби, материалдық және отбасылық құндылықтар құлдырап, адамгершілік қасиеттері жойыла бастайды. Аурулардың халықаралық классификациясы бойынша лудомания аурулар тізіміне енгізілген.

Құмар ойынның соңына түскендер дүние-мүлкінен айырылғаны өз алдына, отбасымен ажырасады. Мұндай жағдайлар қазіргі қоғамға таңсық емес. Ойын құмарлардың көбеюі салдарынан елімізде лудомандарды емдейтін арнайы орталықтар ашылған. Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынған ақпаратына сенсек, елімізде ойын құмарлықтан жапа шеккендердің саны 36 мыңнан (2023 жылғы желтоқсандағы дерек бойынша) асып жығылады.

Лудоманияның кесірінен еліміздегі отбасы институты күйреуде. Сарапшылардың айтуынша, ерлі-зайыптылардың ажырасу фактілерінің жиілеуіне құмар ойын әсер етіп отыр. Атап айтқанда, ажырасу оқиғаларының 40%-ы ерлі-зайыптылардың бірінің жеңіл ақшаға құмартуының салдарынан болады. Жалпы, құмар ойындарының зардабы елдің дамуына кері әсерін тигізеді.

Бір өкініштісі, қоғамда, әсіресе, жастар арасында ойынға тәуелділік артып барады. Оңай жолмен ақша табамын деп букмекерлік кеңседе бірдеңе

бәс тігетіндер көп. Ұтылса, оңбай опық жейді. Кейін ұтса да, ұтылса да бұл әрекеті әдетке айналып, бойын құмарлық билейді.

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Өскекең ұрпақтың денсаулығына әлеуметтік кеселдер залалын тигізеді. Шылым шегуге, ішімдікке және есірткіге тәуелді болу кеңінен таралған жағымсыз әдеттер. Бұған қоса, соңғы кезде жастар арасында лудомания, яғни құмар ойындарға тәуелділік белең алуда. Бұл кеселден құмарпаздардың өздері ғана емес, олардың отбасы, туыстары мен жақындары зардап шегеді. Жасөпірімдеріміз заманауи технологиялардың ықпалымен құмар ойындарына оңай шырмалатын болды», - деген еді.

Қазіргі таңда елімізде лудомания дертінің алдын алу бағытында шаралар қабылданып, жастар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Аудан көлемінде лудомания дерті туралы мектептер мен колледждерде танымдық сабақтар, пікірталас, дебат, сайыстар өткізіліп, бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет ресурстарында мақалалар жариялануда.

Ел болып, бесігімізді түзетеміз десек, қоғам болып жастарымызға бұл дерттің зиянын барынша ұғындыруымыз қажет. Жас ұрпақты құмар ойынның зиянды ықпалынан жан-жақты қорғауымыз керек.

Өмір шығалаңында талайларды шырылдатқан қоғамдық дертті қоқысқа а тастайтын уақыт жетті.

**Бақытбек МДУАР,
Қазалы ауданының
қоғамдық даму бөлімінің бас маманы**

ПРОБАЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ – ҚОҒАМҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қай кезеңде де ақыл-парасаты құлдырап, аяқ астынан қателікке ұрынып, абыройынан айырылып қалатын жәйттер болады. Сондай жазатайым жағдайда болған қателіктер арқылы немесе түрлі себептермен арнайы жазасын өтеген азаматтардың салауатты тепе-теңдікпен өмір сүруіне оның бостандықтағы ортасы ықпал ете алуы тиіс.

«Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» - деп Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай, қазіргі кез келген адамның түрмеде өткен өмірі оның болашағына кедергі болмауы тиіс. Сондықтан елімізде жаза басқандарға көмектесу, адамдардың қайта қылмыстық құқық бұзушылыққа бармауы үшін мінез-құлқын түзеуге бағытталған қызмет түрі мен бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы шаралардың заңмен белгіленген пробация жүйесі қабылданған. Пробацияның есебінде тұрғандарды жұмысқа орналастыру, емдеу, білім алуына жәрдемдесу, құжаттарын қайта қалпына келтіру, психологиялық көмек беру және өзге де әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудегі негізгі бағыттарға жатады.

Жалпы, еліміздегі әрбір түзету мекемелері жазасын өтеуші әр азаматқа пробация қызметі бойынша оларды өмірге бейімдеуге арналған, әлеуметтік-құқықтық жәрдем беру үшін жеке бағдарлама жасап, оларға нақты көмек түрлері көрсетіледі.

Бағдарлама талабы бойынша, жазасын өтеушілерге тәрбие жұмысымен қатар, пробация есебінде тұрғандарға жұмысқа орналастыру, емдеу, білім алуына жәрдемдесу, құжаттарын қайта қалпына келтіру, психологиялық көмек беру секілді қолдау көрсетілетіндігі, олардың құқықтары мен міндеттемелері түсіндіріліп, олардың бостандыққа шыққаннан кейінгі өмірі, атап айтсақ, қайда тұратыны, қайда жұмыс істейтіні, туыстарымен қарым-қатынасы, сондай-ақ, әлеуметтік қажеттіліктері сұралады.

Алайда, еңбек ету адамның конституциялық құқығы болғандықтан, пробация қызметі оларды жұмыс істеуге міндеттей алмайды. Темір тордың арғы жағынан шыққан адамға тәжірибелі маман жұмыс таппай жатқан заманда дайын кәсіптің табыла қоймасы белгілі. Десе де, бұл бағытта жүйелі жұмыстар атқарылып келе жатқанын жоққа шығара алмаймыз. Олардың кәсіп меңгеруіне, жұмыспен қамтылуына, сондай-ақ, жәрдемақы, медициналық және өзге де қызметтерді алуына барлық жағдай жасалған.

Еңбек етемін деген адамға мемлекетте, жергілікті әкімдіктер де барынша қол ұшын созуда. Тек ниет болса жетіп жатыр. Шартты түрде бас бостандығынан айырылған жандар мемлекеттің қамқорлығына алынса да, сынақ мерзімі аяқталмайынша, пробация қызметінің жіті назарында болады. Бостандықтағы әрбір азамат туралы мәліметтер әкімдіктер мен полиция, пробация қызметтеріне жіберіліп отырады.

Бақылауды мақсат еткен сотталушының сот міндеттеген шарттарды толық орындауын қадағалайтын Қазалы аудандық пробация қызметі бөлімінің есебінде бүгін де қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаға сотталған 112 адам тіркеуден өтіп, 20 сотталған есептен шығарылған, нақты есепте тұрған - 92 адам тіркелген.

Қазіргі таңда аудан прокуратурасымен әлеуметтік бағдарламалар және жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп ай сайын пробация қызметіндегі жұмыссыз сотталғандарды қатыстыра отырып «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі 2 рет өткізіліп, 9 адам жұмыспен қамтылған.

Аудандық прокуратураның бастамасымен сотталған азаматтардың және уәкілетті органдардың қатысуымен мәжіліс өткізіліп, жаза өтеу тәртібі және әлеуметтік көмек алу туралы түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізілуде.

Есептегі сот үкімімен сотты болған азаматтарға заң шеңберінде көрсетілетін қызметті дұрыс жүргізбеген екі қызметкер аудан прокурорының ұсынысы негізінде тәртіптік жауапкершілікке тартылып, заң бұзушылықтар жойылды.

Нақтыласақ, Мансап орталығына тіркелген сотты болған азаматтарды толық жұмыспен қамту өз дәрежесінде толық орындалмай кемшіліктерге жол берілгендігі және аудандық жұмыспен қамту әлеуметтік бағдарламалар және хал актілерін тіркеу бөліміне есептегі пробациялық бақылау белгіленген жұмыссыз азаматтарды оқуға жіберу мәселесі бойынша тиісті деңгейде шаралар қабылданбаған.

Алдағы уақытта еліміздегі бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан және пробация қызметінде есепте тұрған адамдарды кешенді әлеуметтендірудің ұлттық жүйесін жүйелі іске асыра отырып, қайта қылмыс жасау деңгейін төмендетуге ықпал ететін тиімді жағдайларды жасау үшін оларды әлеуметтік бағыттан алшақтатпауымыз қажет. С онымен қатар, олардың санының көбеймей қылмыстық жазаның орын алмауы үшін балалар мен жасөспірімдерге ата-ана, қоғам болып дұрыс жолды көрсетіп, алдымен отбасыда туған тұрмыстық қиын жағдайларды қадағалап, әрбір қиындық тудыратын істің алдын алғанымыз жөн.

**Нұрдәулет КҮНДІЛДӘ,
ҚР Бас Прокуратурасының
жанындағы құқық қорғау
органдары академиясының тыңдаушысы**

«АРАНДЫ» АУЛЫНДАҒЫ МЕКТЕПТІҢ АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗЫ ДЕРБІСАЛЫ ДӘЛЕНОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

«Аранды» аулында Дәленовтер отбасының мәртебесі қашанда жоғары, бәсі биік. Өйткені ардақты ұстаздың перзенттерінің барлығы да жоғары оқу орындарын бітіріп, түрлі салаларда абыройлы еңбек етті. Айтулы ғылым ордаларында қызмет атқарды. Осылайша отбасылық өркеннің кеңінен қанат жаюының бастауында бар ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған Дербісалы Дәленов ағай тұрды.

Өткен ғасырдың 50-ші жылдарында «Аранды» аулындағы №25 орта мектепте Дербісалы Дәленов бастауыш класс оқушыларына сабақ берді. Ол шалт қимылды, ширақ, іскер, баланы оқыту мен тәрбиелеуге шын берілген еңбекқор ұстаз болатын. Оқушысының сабақтан тыс кезде немен айналысатынына дейін зерделеп, бақылап отыратын. Шәкірттерінің үйге берілген тапсырманы орындамай келетіні некен саяқ еді. Оның өзі де ағайынан жазасын алып, екінші рет қайталамауға ант су ішетін. Талапшыл ұстаз тентек оқушының өзінде жібектей есілдіріп жіберетінін көз көрді. Дербісалы ағай сабақ берген бастауыш класс оқушыларының сабақ үлгерімі үнемі жоғары болатыны дағдылы дәстүрге айналған. Бұған әріптестерінің ғана емес ата-аналардың да көздері әбден жеткен. Ол кездегі ата-аналар ағаймен сөйлескенде балаларының кемшілігі үшін өздерінің жауаптылығын сезініп, бас шұлғып мақұлдаудан әріге аса алмайтын. Ардақты ұстаздың мысы басып тұратыны тағы бар.

Өзіміз де Дербісалы ағайдан дәріс алдық. Тәлім-тәрбиесін бойға сіңірдік қой. Ұстазымыздың қаталдығымен, талапшылдығының пайдасын біздер шәкірттері көрдік. Бастауышта қаланған білім негізі жоғары кластардағы тапсырмаларды орындауымызға көмегін тигізді.

Кейін есейгенде білдік қой, аяулы ұстазымыз өмір жолында ылғи да қиындықпен белдесіп, шарболаттай шыңдалып ержетіпті. Ұстаздық қызметке де ерте араласқан. Шалымдылығы мен алымдылығының арқасында мектеп директоры қызметіне жоғарылаған. Аудандық білім бөлімінің инспекторы қызметін де атқарған. Соғыстан жараланып оралған кезде елдегі шаруаның шатқаяқтап тұрған шағында колхоз бастығы, ауылдық кеңестің хатшысы, мектеп директоры қызметін қосарлап атқарып, ел арқасына түскен ауырлықты жеңілдетуге шама-шарқынша үлес қосқан. Жауапты жұмыста адалдық пен іскерлік танытып ауылдастарының ықыласы мен алғысына бөленген. Зерделі, замана ығытын аңдағыш ағамыз соғыс аяқталып, ел еңсесі тіктеліп, жоғары білімді мамандар көбейе бастағанда өз еркімен директорлық қызметтен босап, бастауыш класс мұғалімдігін өз қалауымен таңдаған және бұл міндетін абыроймен атқарып ұжымның айтулы ұстазы, ақылшы ағасы атанды. Жас ұстаздар оның сабақ берудегі бай тәжірибесінен үлгі алды.

Ерекше атап айтар жағдай

Дербісалы Дәленов өз перзенттеріне де ұлағатты тәрбие беруімен ерекшеленіп, ауылдастарының мақтанышына айналды. Құрметіне бөленді. Нақтысын айтсақ, Жәмилә ана мен ұстазымыздың перзенттерінің барлығының да жоғары білім алуы ауылдастарын таңдандырды. Білім асуына алғашқы болып түрен салған тұңғыш перзенті Дәрігүл. Ол Ақтөбе педагогикалық институтын бітіріп, Қазалы ауданындағы «Бірлік», «Өркендеу» аулындағы мектептерде ұстаздық қызмет атқарды. Жұбайы Иният Мұртташев мектепте директор, кеңшарда парторг болған аяулы азамат еді, ерте өмірден озды. Артында қалған жалғыз перзенті ата-ана отбасының түтінін түзу ұшырып отыр.

Ұлдарының үлкені Алып мектепті алтын медальмен, одан соң Ташкент темір жол институтын бітіріп, Қызылорда теміржол депосында шебер, инженер, Қызылорда қалалық комсомол комитетінің хатшысы қызметтерін атқарды. Кейін Семей теміржол депосына бас инженер қызметіне ауысты. Іскер де қабілетті жігіт 1965 жылдан бастап 12 жыл Семей теміржол депосын басқарды. Кейін Ақтөбе теміржол басқармасында, Семей теміржол бөлімшесінде лауазымды қызметтер тұтқасын ұстады. Осылайша Қазақстан теміржолын дамытуға өзіндік үлес қосып, өрнекті із тастағанымен өмірден ертерек озды. Зайыбы Зейнеш Иманжанова 15 жылдан астам уақыт вокзал бастығы қызметін атқарды. Балалары да түрлі компанияларда басшылық қызметте.

Дәленовтердің үшіншісі Шынболат Қазалы ауыл шаруашылығы техникумын үздік бітіріп, еңбекке араласты. Ақмола облысының «Образцовый» кеңшарында бас мал дәрігері болып жүріп, жолдамамен Омбы малдәрігерлік институтына оқуға түсті. Кейін Алматы зоотехникалық – малдәрігерлік институтына ауысты.

Жүрегінің оты бар жігерлі жігіт студент кезінен қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Курс старостасы, факультет, институт комсомол комитетінің хатшылығына сайланды. Ғылыми кеңестің шешімімен Лениндік стипендиат атанды. Институтты үздік бітіріп, аспирантурада қалдырылды.

Тынымсыз ғылыми ізденіс басталды. Талантты да талапты жігіт профессор Т.Тавилдарованың жетекшілігімен ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты диссертациясын қорғап, ғылым кандидаты атанды. Одан кейін де ғылыми ізденіс өсу баспалдақтарына жетеледі. Доцент, профессор атағын иеленді. 18 жыл факультет деканы болғаны, кафедра меңгергені оның тынымсыз ғылыми ізденісінің жемісі. Осы жылдар ішінде 100-ден астам ғылыми еңбек, 4 оқулық жазды. «Ірі қара мал шаруашылығы», тағы басқа кітабы республика жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы ретінде лайықты бағаланды.

Шәкеңнің зайыбы Мереке республикаға танымал пе-

дагог, ғалым ұстаз, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент. Бүгінде бақилық болған қос ғалымның балалары Ерлан мен Данат елімізде, шетелде білім алып, компания мен департаментте басшылық қызмет атқарады.

Дәленовтердің ортаншысы Ерболат білім бастауын №25 орта мектептен алып, Қызылорда қаласындағы орта мектепті күміс медальмен бітірді. Алматы медициналық институтына оқуға түскенімен табиғаты жайлы оңтүстік астананы тастап, Ақмолада жаңадан ашылып жатқан медицина институтына ауысады. Білімге деген құштарлығы сол 2 курста ғылыми жұмысқа ден қойып, 3 курста институт студенттерінің ғылыми қоғамын басқарды.

1969 жылы аталған оқу орнын үздік бітіріп, сол жылы Ресейдің Дондағы Ростов қаласындағы медицина институтының аспирантурасына қабылданды. Қабілетті, зерек маман, болашақ ғалым 26 жасында кандидаттық диссертациясын орыс білімпаздарының алдында сәтті қорғап шықты. Одан кейінгі ғылым жолындағы ізденістер өзі білім алған оқу орнында жалғасты. Ассистент, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, факультет деканы қызметтегі өсу баспалдақтары.

Осы жерде атап айтар жағдай Ерболат докторлық диссертациясын Ресейдің Томск қаласында қорғап, туысқан халық білгірлеріне өзінің мықтылығын мойындатты. Ерболаттың 1976 жылы Америкаға барған сапарынан Нью-Йорк ғылым академиясының академигі болып оралғанын оның мықтылығына балаңыз.

Ғалымның 10 монографиясы, 20 оқу құралы, шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда 500-ден астам ғылыми мақалалары жарияланғанын, 19 ғылыми жаңалық пен рационализациялық ұсыныстардың авторы екенін, ғылыми жетекшілігімен 60-тан астам ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары, медицина магистрлері, РНД докторлары диссертация қорғағанын айтсақ, марқұм Ереккендей жерлесіміздің ғылымдағы салмағы мен бәсі айқындала түседі. Осы жерде айта кетейік Ерболаттың зайыбы да республикаға танымал хирург-стоматолог, емхана басқарады. Үлкен ұлы Нұрлан ата-ана жолын қуған дәрігер ғалым. Өткен жылы Астана медициналық университетінде жерлесіміз, академик Ерболат Дәленов атындағы профилактикалық медицина ғылыми-зерттеу институты ашылды. Бұл да жерлесіміздің осы саладағы көп жылғы еңбегінің бағаланғаны.

Бүкіл Дәленовтер әулетінің қолы жетпеген биікке көтерілген Ерболаттың кенже ұлы Руслан болып отыр. Астана қаласындағы №10 мектепті алтын медальмен бітірген зерек жас Түрік Республикасының Стамбул қаласындағы Мармара университетінің халықаралық экономика және бизнес факультетін үздік дипломмен тәмамдаған. 1999 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кіріс

министрлігінде бас маман болып еңбек жолын бастаған. Руслан халықаралық деңгейдегі білімінің, алымдылығының арқасында өзгелерді мойындатып, қызмет сатысымен жоғарылады. Бөлім бастығы, басқарма бастығы, департамент директоры қызметін атқарған жерлесіміз 2018-2019 жылы Қазақстан Республикасы Қаржы вице-министрі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика бірінші вице-министрі болып абыроймен қызмет атқарды. Қазалының байырғы ұстазы Дербісалы ағайымыздың немересі 2019 жылдың ақпанынан Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі болып қызмет атқарды. Қазір Евразиялық даму банкі басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарып жүр.

Ерболаттан кейінгі Дәмегүлде сабақты «өте жақсы» бағаға үлгірді. Семей педагогикалық институтын бітіріп, математика пәнінен оқушыларға сабақ беріп, үлгілі ұстаз мәртебесіне жетті. Жұбайы Шарафадин Алтынбаев Қазалы ауданының құрметті азаматы атанған аудандық белгілі тұлға. Мамандығы педагог. Мектепте ұстаздық етті. Директор, одан соң аудандық білім бөлімін басқарды. Қазалы ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарды. Ізденімпаз азамат қай кезде де өзіне міндеттелген қызметті абыройлы атқарып, ел алдында еңсесін әркез тік ұстады.

Қыздардың кенжесі Ақжарқын күйеуі Шарханмен бірге үш ұл өсіріп, немерелерінің қызығына кенелді. Қазір Астана қаласының тұрғындары.

Әулеттің кенжесі Бекболат мектепті алтын медальмен, Ақмола инженерлік-құрылыс институтын үздік бітірді. Институтта қалып ғылым жолын қууға бар мүмкіндігі болып тұрса да ата-ана алдындағы парызды өтеу мақсатымен туған ауылға оралды. Әртүрлі қызмет атқарды. Совхоздың кәсіподақ комитетін басқарды. Қартайған ата-анасы алдындағы перзенттік парызын өтеп, қас қабағына қарап, ауырғанда жанына демеу болып, арулап, бақилық орындарына қондырып, әулет шаңырағының иесі міндетін мүлтіксіз атқарды. Кейін Байқоңыр қаласына қоныс аударды. Бүгінде өзі жоғары білім алған Астана қаласында қызметте.

Дарабоз ұстаз Дербісалы Дәленов ағайымыз көңіл зердесінің ұшқырлығының арқасында балаларының болашағын көріпкелдей тап басып болжады. Олар жоғары білім алғанда ғана қоғамға пайда келтіретінін аңдап, перзенттерін оң жолға бағыттады. Ұрпақтарының жетістігі көзі тірісінде-ақ аяулы ұстазымызды, ауыл ақсақалын шаттандырып, мерейін тасытқанды. Бүгінде Дәленовтер әулеті жайлы жылы лебіздер тасқыны толастар емес. Жерлестері атақты Дәленовтерді аса құрмет тұтады.

Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеген майдангер ұстаз есімін қайталап, айтудың да еш сөкеттігі болмас.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ

ИНФЕКЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУРУХАНАІШІЛІК ИНФЕКЦИЯЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Ауруханаішілік инфекцияның себептері бактериялар, вирустар және саңырауқұлақтар болып табылады. Олардың аз ғана бөлігі патогендік микроорганизмдерге жатады. Олар адамның терісі мен шырышты қабығында қалыпты өмір сүреді, ал патогендік иммундық қорғаныс төмендеген кезде ғана пайда болады. Иммунитет организмде оппортунистік флораның болуына әлсіз әсер етеді, өйткені оның антигендері оған таныс және антиденелердің күшті өндірісін тудырмайды. Микроорганизмдер кең таралған және жоғары жұқпалы механизмдердің біріне ие. Әдетте, олардың бірнеше берілу жолдары бар, кейбіреулері тірі организмнен тыс өмір сүруге және көбеюге қабілетті. Вирустардың ең кішкентай бөлшектері емдеу мекемесінде желдету жүйелері арқылы оңай таралады және қысқа мерзімде көптеген адамдарға жұқтырады. Дезинфекциялық құралдарға, ультракүлгін сәулеленуге жауап бермейді. Олардың кейбіреулері ұзақ қайнату, дезинфекциялау құралдарына малынған, мұздатылған кезде

де өлмейтін споралар түзеді. Еркін өмір сүретін бактериялар ылғалды ортада (раковиналарда, ылғалдандырғыштарда, дезинфекциялық ыдыстарда) сәтті көбейеді. Бұл ауруханаішілік инфекция ошағының белсенділігін ұзақ уақыт сақтайды.

Инфекция көздері-ауру адамдар және қоздырғыштың асимптоматикалық тасымалдаушылары. Көбінесе олар пациенттер арасында және қызметкерлер арасында өте сирек жағдайда кездеседі, ауруханаға келушілер де көзі болады.

Патогендердің берілуі әртүрлі жолдармен жүреді:

а) табиғи таралу жолдары: фекальды-ауызша; байланыс; ауа-тамшы; ауа-шаң; тамақ, плацента арқылы анадан ұрыққа дейін.

Ауруханаішілік инфекциялар, аурухана ортасының өте қауіпті туындысы болып табылады. АИИ хирургиялық науқастардың операциядан кейінгі кезеңінің ағымын, жүктілік кезеңінің, босануының және босанғаннан кейінгі кезеңінің өтуін асқындырады, жаңа туған

балалардың және басқа жас топтарындағы аурулардың өлім-жітімі көбеюінің себебі болады. Жүрекке, бүйрекке, өкпеге және басқаларға өте жақсы жасалған операциялардың өзінде инфекцияның қосылуы, негізгі ауруының ағымын шұғыл асқындырады, өміріне қауіп тудырады. Вирустық гепатит В,С және Е, ЖИТС сияқты инфекцияларды жұқтыру өмірін қысқартады, ең ақырында өлімге әкеп соғады. АИИ қосылуының барлық жағдайларында да, аурулардың стационарда болу уақыты немесе амбулаторияда емдеу мерзімі едәуір ұзарады, мұндай ауруларды емдеуге кететін шығын және олардың өздерінің материалдық шығындары да көбейеді.

Инфекция көзін анықтауға, ауруханаішілік ортаның ластануының алдын алу, әр түрлі жолдармен қоздырғыштардың берілуінің алдын алуға, қоздырғыштарды жоюға және ауру адам ағзасының резистенттілігін арттыруға бағытталған шаралар кешені болып саналады. АИИ ауруы эпидемиялық яғни аурудың бір немесе бірнеше жағдайлары

бір уақытта пайда болады. Науқастардың бір бөлмеде болуы, жалпы құралдарды қолдану, аурухана тағамдарын бірге пайдалану, жалпы санитарлық бөлмені пайдалану байланыстырады. Аурудың маусымдылығы жоқ, олар жылдың кез келген уақытында тіркеледі.

Алдын алу шараларына мыналар жатады:

1.Ауруханаішілік инфекциясы бар науқастарды/тасымалдаушыларды анықтау және санитариялау;

2.Қабылдау бөлімшелерінде, таңу және операциялық бөлмелерде "таза" және "лас" ағындарды бөлу;

3.Санитарлық эпидемияны қатаң сақтау;

4.Емдеу мекемелерінде бактерияға қарсы сүзгілері бар сору-шығару желдетуін қолдану;

5. Дезинфекциялаудың механикалық, физикалық және химиялық тәсілдерін пайдалана отырып, аспаптарды, аспаптарларды мұқият өңдеу.

Муаззам РАХМЕТОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

ТАМАҚТАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Тамақтану адамның өмірлік қажеттігі және денсаулық кепілі. Ас-адамның арқауы, ағза дене жүктемесінде ғана емес, тыныштық жағдайында да шығындайтын қуат көзі. Ас ішу біздің жасушаларымыз бен тіндерімізді жаңартуға мүмкіндік береді. Дұрыс тамақтану жүрек-қан тамыр, асқазан-ішек жолдары, қант диабеті, остеопороз, онкологиялық аурулардың алдын алу үшін, сыртқы орта әсеріне қарсы тұру үшін, ағзаның жұмысқа қабілеттілігін арттыру үшін, белсенді ұзақ өмір сүру үшін қажет.

Диетологтар күніне 4 мезгіл тамақтанған дұрыс дейді. Таңғы ас, түскі ас, түстен кейінгі ас пен кешкі астың арасы 4-5 сағаттан болуы керек. Дұрыс тамақтану диетасы бойынша, асты күнделікті белгілі бір уақытта ғана ішу керек. Таңғы ас тәуліктік мөлшердің 25%-ын, түскі ас-50%-ын, түстен кейінгі ас-10%-ын, кешкі ас-15%-ын құрау қажет, кешкі асты ұйықтардан 2 сағат бұрын ішу керек. Қолданған калорияның саны шығындаған калорияның орнын толтыру керек. Ол жасқа, жынысқа, жеке физиологиялық ерекшелікке, өмір салтына, еңбек түріне байланысты. Ас

ағзаның аминқышқыл, полиқанықпаған май қышқылы, дәрумен, микроэлемент, минералды зат, суға қажеттігін толтырып отыру керек.

«Тамақтану пирамидасы» бойынша ас үлесі шамамен келесідей болады: пирамиданың негізінің 40% - әр түрлі дәнді-дақылдардан тұрады: қарақұмық, күріш, сұлы, ірі тартылған ұннан жасалған нан, макарон, картоп. Пирамиданың келесі көтерілімінің 35 % жеміс – жидектер. Әрі қарай тағамның ақуыз тобы, ол 20% құрайды: сүт, айран, ірімшік, йогурт, тауық, балық, ет, соя тағамдары. Пирамиданың ұшындағы 5 % – майлардың барлық түрлері, қант, кондитер тағамдары, балмұздақ тағы басқа құрайды. Дәл осындай тағамдық қатынас үлестерін дұрыс тамақтануға жатқызады.

Дене жүктемесінен кейін, ауыр жұмыстан соң, қатты жаурап қалғанда немесе ыстықтап тұрғанда, эмоция көтеріліп тұрғанда бірден тамақтануға болмайды, жарты сағат тұру керек. Ас алдында салат түрінде немесе бүтіндей шикі жеміс-жидек, көкөніс жеу керек. Аш қарынға түскен жеміс-жидек, көкөніс ас қорыту бездерінің, асқазан-

ішек жолдарының жұмысын жақсартып, ішек микрофлорасын қалыпқа келтіреді. Әсіресе алма, қырыққабат, сәбіз, қияр, қызанақ, тәтті бұрыш пайдалы. Шикі жеміс-жидек, көкөністі термикалық өңдеуден өткен тағаммен бірге қолдануға болмайды, әйтпесе ішекте ашып, шіріп кету процесіне ұшырауы мүмкін. Өте суық немесе өте ыстық тамақ немесе сусын ішпеңіз. Оларды бір мезгілде бірге қолдануға да болмайды. Тамақтанған соң біраз демалған жөн. Тамақтану мен жұмыстың аралығы 15-30 минуттай болу керек, ал спортпен айналыссаңыз бір сағаттай болсын.

Салауатты тамақтану және жоғары дене белсенділігі, спортпен шұғылдану, күйзеліспен күресу білу, темекіден, ішімдіктен бас тарту жолымен салауатты өмір салтын ұстану арқылы аурулардың алдын алып, денсаулықты және тартымды келбетті сақтап, сұлу да сымбатты, тәні мен жаны жас, белсенді болып жүруіңізге болады.

Дайындаған:
Фарида ТӨЛЕМІС,
Аудандық орталық аурухананың анестезиология-реанимация бөлімінің анестезист

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.